

К. Қамзин^{1*}, Ә. Қамза²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Алматы Менеджмент Университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: kaken-kamzin@mail.ru

ҰЛТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ТЕОРИЯСЫНЫҢ ЕЖЕЛГІ ТИЯНАҒЫ

Мақала авторлары зерттеушінің жасампаздық екіні тек ілгерінді ықпалмен тұйықталмайтынына, оның өткен шақпен де әлсін-әлсін есептесіп, соның аясында қисынгерлік, бастамашылық тұжырым ұсынатынына айрықша назар аударады. Осы ретте қазақ мәдениеті мен әдебиеті кеңістігінде сақталған өнеге, нақыл, мақал, мәтелдер, қанатты сөздер, идиомалар мен фразеологизмдер лайықты көрнекілендіріледі. Олардың ақпараттық ғасырда мән-мағыналық әуселесінің, энергетикасының кемелдене түсетіндігі, ұлттық зерттеу алаңындағы ғылыми-теориялық ізденістерге мықты негіз бола алатындығы тиянақталады.

Шығыс ойшылдары, қазақ гуманистік мектебі өкілдерінің пікірлеріне сүйене келе, масс медиа, журналистикадағы ой ауысымы, ізденістің сонылыққа қарай бой түзеуі, тарихи функционализм, динамикалық ой-сана шарттары сияқты проблемалар күн тәртібіне қойылады. Қазақ журналистика өндірісінің дербес теориялық бастау-бұлақтары, өзіндік тұжырымдамалары тұрасында тың пікірлер айтылады.

Фольклорлық саналылық, фольклорлық интервенцияның ғылыми журналистика танымына, дүниетанымдық қисынға ауысуы туралы тезис дәйектеледі, сөз энергетикасының кванттық генетикамен, қазіргі биологиямен белсенді талғауы сипатталады.

Заманалы журналистика траекториясындағы туындыгерлік те, зияткерлік те, технологиялық трендтер де осы тарихи өнегеге иек артатынын авторлар орнымен жүйелейді. Әсіресе ежелгі дәуір, орта ғасырлық фольклорлық пайымдардың қазіргі журналистика теориясымен қабысып жатқандығы нақтылана түседі.

Зерттеу жұмысының басты мақсаты – журналистика ғылымындағы ынтымақтастық, тұтастық тұжырымына елеулі өзгеріс енгізу; зерттеудің идеялық түпқазығы – масс медиа теориясы бастау-бұлақтарын толымды түсінік тұрғысынан қарастыру. Зерттеу жұмысының басты ғылыми және кәделік мән-маңызы – заманалы журналистиканың теориялық трендін, практикалық контентін ұлттық мән-мазмұнмен байыту. Зерттелімнің әдіснамасы тәуелсіздік концепциясынан өріс алады, соған сәйкес ғылыми-ақпараттық еркіндік позициясы сайланады.

Зерттеу жұмысының нәтижелері: фольклор, ауыз әдебиеті, шешендік сөздер, ғибраттық баян энергетикасының ауызекі журналистика – бүгінгі мультимедиялық журналистика аралығындағы процеске ықпалы нақты мысалдармен зерделенді, талданды, олардың іргелі теориялық тұжырымға айналуы тиянақталады.

Ғылыми еңбек журналистикатану саласына қосылған елеулі үлес деп білеміз, өйткені бұл тақырып Шығыс және Батыс ғылыми ортасында журналистика пәні ретінде қарастырылмаған және оның өзектілігі туралы тыңғылықты пікір айтылмаған.

Аталмыш зерттеу қазақ ғалымдарының, түркітілдес елдердегі әріптестеріміздің ғылыми ізденісінің тұрпатын өзертпек, магистратура және доктарантурадағы жас ғалымдарға айқын жол сілтемек болмақ.

Түйін сөздер: ауызекі журналистика, Абай формуласы, тарихи функционализм.

K. Kamzin^{1*}, A. Kamza²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Almaty Management University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: kaken-kamzin@mail.ru

The ancient foundation of the theory of national journalism

The authors of the article pay special attention to the fact that the academic search of the researcher should not be limited only to the range of current paternalistic views. In this regard, moral stories, proverbs, idioms and phraseology form the spatial-conceptual plot of Kazakh culture and literature, – act as illustrative material.

Based on the conclusions of eastern and Kazakh thinkers, the emergence of historical functionalism and dynamic thinking are on the agenda. Thesis is presented on the transition of folklore consciousness

and folklore intervention into research and journalistic knowledge, worldview logic and the current parallelism of the energy of the word with quantum genetics and modern biology is described.

The main goal of this study is to make significant changes in the definition of a solid and uniform journalism research. The main scientific and practical significance of the research work lies in saturating the theoretical direction and practical content of modern journalism with national content. The research methodology is based on the concept of independence and the positioning of research and information self-sufficiency.

Results of the research work. The influence of the energy of folklore, oral literature, eloquence, and didactic narration on the process of oral and modern multimedia journalism was studied and tested using specific examples, and a corresponding conclusion was made about their transformation into a fundamental theoretical basis.

This research is a significant contribution to the study of counterpoint in journalism, since this topic has not yet been considered as a subject of journalism in the academic community of East and West, and therefore there is no definite opinion about its relevance.

The proposed research will change the guidelines of Kazakh researchers, our colleagues in Turkic-speaking countries, and will also become a true guide for young researchers – masters and PhD-students.

Keywords: oral journalism, Abai's formula, historical functionalism.

К. Камзин^{1*}, А. Камза²

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Алматы менеджмент университет, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: kaken-kamzin@mail.ru

Древнейший фундамент национальной журналистики

Авторы статьи обращают особое внимание на то, что научный поиск исследователя должен вести инициативный диалог с прошлым и предлагать в этом контексте самодостаточные теоретические выводы. В этой связи в качестве иллюстрационного материала выступают нравоучительные истории, пословицы, крылатые слова и фразеология, которые образуют пространственно-концептуальный сюжет казахской культуры и литературы.

Опираясь на выводы восточных и казахских мыслителей на повестку дня ставятся такие проблемы, как вопросы смены вех в средствах массовой информации, развитие исследовательской парадигмы, возникновения исторического функционализма и динамического мышления.

Представлены тезисы о переходе фольклорного сознания и фольклорной интервенции в научно-публицистическое знание, мировоззренческую логику, описан актуальный параллелизм энергии слова с квантовой генетикой и современной биологией.

Авторы уделяют должное внимание системе творческих возможностей, интеллектуальным и технологическим тенденциям современной коммуникативистики. В частности, становится очевидным тот факт, что древние и средневековые фольклорные идеи пересекаются с современной теорией журналистики.

Главная цель исследовательской работы – внести существенные изменения в определение солидарной и единообразной журналистской науки; идейной основой исследования является рассмотрение истоков теории масс-медиа с точки зрения зрелого мышления.

Основное научное и практическое значение исследовательской работы заключается в насыщении теоретического направления и практического содержания современной журналистики национальным содержанием.

Методология исследования основана на концепции независимости и позиционировании научно-информационной самодостаточности.

Результаты научно-исследовательской работы: изучены и на конкретных примерах протестированы влияние энергетики фольклора, устной литературы, красноречия, дидактического повествования на процесс устной и современной мультимедийной журналистики, а также сделан соответствующий вывод об их трансформации в фундаментальную теоретическую базу.

По нашему мнению, данная научная работа является существенным вкладом в изучение контрапункта журналистики, поскольку данная тема еще не рассматривалась как предмет журналистики в научном сообществе Востока и Запада, и поему нет определенного мнения о ее актуальности.

Предлагаемое исследование изменит ориентиры в научных изысканиях казахских ученых, наших коллег в тюркоязычных странах, а также станет верным направлением для молодых ученых – магистратов и докторантов.

Ключевые слова: устная журналистика, формула Абая, исторический функционализм.

Кіріспе

Идеал жаратылым, мінсіз туынды материалдық салада да, рухани кеңістікте де жоқтың қасы. Тіпті болмайтыны кәміл. Ғаламдық орта, әлеуметтік құрылым да еш ақаусыз емес. «Өлместі Құдай жаратпайды, төзбесті ұста жасамайды». Адамзат баласының, саналы жанның салыстырымы, сараптамасы, ізденісі, жасанды дүниесі негізінен, міне, осы олқылықтардың орнын толтыруға, қисықты түзетуге, кемшін дүниені жетілдіруге арналған. Шығармашылық та, санаткерлік те, ғылыми-инновациялық жұмыстар да осы бағыттарды нысанаға алады. Әлбетте, бұл трендтер – журналистиканың ежелден бергі нысаны, конструкты, үздіксіз еңбек етер алаңы. Сондықтан бұл кеңістікте ғылыми-теориялық, практикалық шолғын, эксперимент ешқашан үзілмейді, ғылым қадамы ұдайы ілгері баса береді. Бұған қоса журналистиканың табиғи шеберханасында талғам-эстетика, суырыпсалма (экспромпт), түйсік (интуиция) сүзгілері сыннан өтіп жатады. Міне, осылар жаратылыс субстанциясын риторика, деректі әдебиет, шешендік өнер, визуалды және көрнекі өнер сынды рухани элеммен генетикалық жағынан әрі туыстастырады, әрі таным көкжиегін кеңейте түседі. Бірін бірі сусындатады, бір-біріне қол ұшын береді. Жүйелі сепараторлық жұмысты мойнына алады. Енді осы іріктеу-сұрыптау байыптамаларын ақпараттық саясатқа тікелей қатысты ұлттық қауіпсіздік, ел ұйытқысы тұрғысынан қарастырар болсақ, мемлекет дербестігінің мынадай сипаттары бар екені аяңдала түседі: саяси, экономикалық, тіл, мәдени, идеологиялық тәуелсіздік. Бұл атрибуттарға, әрине, тарихи таным тәуелсіздігі өз-өзінен сұранып тұр. Яғни гуманитарлық бағыттағы, масс медиа саласындағы идеялық-теориялық өнімдерге нәр берер байырғы ұлттық бастау-бұлақтардың жөн-жосығы. Бір сөзбен айтқанда, ауыспалы дүние құбылыстарын, уақыт пен ауқымдылық шеңберінде молынан қарастыруға қазіргі заматта жол ашылды. Осы ретте мақалада фольклорлық түпнұсқаларды контент шырайына қарай орналастыру, оны журналист мәтінін үлгілеу-модельдеу бағытында пайдаға асыру, таңдаулы аудитория көкейіне қондыру, қайтарымды байланысты интенсивтендіру проблематикасы баяндалады. Бүгіндері, біздің ойымызша, классикалық журналистикатанушылар жетік білетін масс медиа функциялары тізіміне қызметі жағынан соны міндет қосылды. Оны біз жалпы баспасөз галактикасындағы кванттық генетикамен тізе қосқан *тарихи функционализм*

дер едік. Осы тарихи серпіліс сана қойнауында мүлгіп жатқан архетиптерді оятты, журналистика теориясында өзіміздің бағзыдан салынған дербес жолымыз бар екенін айқын көрсетті.

XXI ғасыр ақпараты толқымалылықсымалы шынайы әлеуметтік ресурсқа айналды. Ақиқатын айтар болсақ, қоғамға таратылған хабарламаның бұрын да едәуір әлеуметтік екпіні бар еді. Бірақ осы ғасыр ақпарат дүниесін анағұрлым қоюландыра, салаландыра, нейрондандыра, кванттандыра, лездете түсті. Қазіргі күні ақпаратты меңгеру әлем тізгінін қолда ұстаумен бірдей. Оның үстіне әлеуметтік ортада жаңа стереотиптер пайда болды, ақпаратқа деген қажеттілік, зәрулік еселене түсті. Ал осы әлеуметтік қажеттілік пен көкейтестіліктің іргетасы – халық даналығы, ұлт философиясы, ғылыми-танымдық тәжірибесі, эксперименті, сенсорлық дүниетанымы.

Батыс әлеуметтанушыларының айтуына қарағанда, бүгінгі таңда қай салада болмасын мәдениет кібіртігі, оқу-ағарту тоқырауы анық байқалады. Батыс дүниесінде де, Шығыс әлемінде де. Мәдениет тоқырауы позициясының негізін қалаушылардың бірі Америка әлеуметтанушысы, мәдениет тарихын зерттеушісі П.А. Сорокин «Біздің заманымыздың дағдарысы» атты еңбегінде құндылықтар ауысымының қажеттілігі туралы біршама дұрыс ой айтады (Sorokin, 1992). Мәдениет дегеніміздің өзі әртүрлі пішін-формалардан (жетекші жүйелерден) құралатынына тоқтала келе, оларға идеационалды (құдайшылдық – К.К., Ә. Қ.), сезімдік және идеалистік деген атау береді. Осылардың біреуі әдетте топ бастайды және олардың әрқайсының өз құндылығы, өзіндік құрылымы, өзіндік саналылық сипаты болады дейді. Яғни автономиялығына, өзгерімдігіне көңіл аударады. Сонымен қатар ғалым мына жағдайды атап көрсетеді: тоқырау кезеңін, ауыспалы дәуірді жағымсыз құбылыс деп есте қабылдауға болмайды, өйткені ол қазіргі қоғамның керегіне жарамсыз құндылықтарды ысырып тастайды, қажеттісін сақтап қалады.

Біз осы арада сол игіліктерді архив қоймасында тұтастай сақтап қалады, кезегі келген кезде керегіне жаратады, сондай-ақ сананың іріктеп сақтар жеке хабы болады, парасат кенін сепарациялайды деген пікірді қоса кетер едік. Неміс экономисі әрі әлеуметтанушысы А. Вебер өркениет үдерісіндегі ғылыми-техникалық прогресс механизмдерінің дәйектілігі мен мәдениет саласы тарихи болмыстың ерекше символдары мен мағыналық әлемі екеніне назар аударады. Ол мәдениет пен өркениетті өзара ықпалдастықта

қарастыра отырып, тарихи дамудағы екеуінің даралық үдеріс-процесс екенін алға тартады. Мәдениетті ол екі мағынада түсіндірмейді: рухани сала, өз орбитасына өркениет пен қоғамдық үдерістерді, рухани саланы тартатын дербес жаратылым. Яғни мәдениет дегеніміз, атап айтар болсақ, адамның биологиялық дамуы (өркениеті) аумағынан шығып кетер сән-салтанатты образ.

Кезінде А. Вебер «Европа мәдениетінің дағдарысы» еңбегінде тұйыққа тірелу – жаңа дәуірдің табалдырығы, қозғалыс процесі, ыдырау мен жаңаның туындауы деген баға берген (Weber, 2019). Ол кезде барша дүние өзгеріске ұшырайды, оның сыртқы жамылғысы да, рухани жағынан тану құралдары да деп үстемелеген. Демек, журналистика әлеміндегі өзгерістер мен трансформациялар да, құндылықтар ауысымы да рухани һәм ғылыми-технологиялық салада бой көрсетеді екен. Яғни зәрулік дегеніміз – ежелгі дәуір мен заманалы символдар одағы.

Сондықтан осы тұйықтан шығудың жолын ұлттық құндылықтардан, ежелгі игіліктерден іздеу, сол бастау бұлақтарға бас қою заңды құбылыс деп білеміз. *Тарихи функционализм* деп біз айдар таққан терминнің арғы жағында ауыз әдебиеті, эпостық жырлар, мақал, мәтелдер, шешенсөз түр дей аламыз, осы санаткерлік тізбек қазақ өркениетін, ұлттық мәдениеттің сын-сипатын, сәулетті ғимаратын ыдыратпай келеді. Бұл кешегіге құрмет көрсету, өткенге бас ию ғана емес, ежелгіден өнеге алу, бұрнағымыздан бүгінгіміз бен болашағымызға тірек іздеу. Осы сымбатты тізбектің бел ортасынан, әлбетте, бабажурналистика (ауызекі журналистика), Еурокіндіктік басымдылық теориясынан бас тартқан ұлттық масс медиа тәпсірі, ғылыми терминологиясы шығары кәміл.

Журналистика дегеніміз – пікірлесу, бәсекелесу, әлеуметтік қарым-қатынас жасау алаңы, ақпарат өндіру және тарату құралы әрі әдісі. Оның ауқымды классикалық анықтамасы осы сөзімізге қарайлас дей аламыз. Адамның бейнелеу машығы, тілдесу құбылысы қазақ топырағында жарқ етіп көрінген сәтте баба-коммуникация, ауызекі журналистика дүние есігін ашты. Қазақ халқының діліне, жаратылысына тән шешендік өнер де – көсемсөздің (публицистиканың) аса пәрменді, аса өтімді түрі. Бүгінгі аудио, видео журналистикасының атасы. Бір сөзбен түйіндесек, ұлттық журналистика ауыз әдебиетімен, фольклормен түйдей құрдас болмаса да, бір заманның төлі. Бұрындары түрен салынбаған, тың жатқан осы тақырыпқа ғылыми жұртшылықтың назарын аударғымыз келетіні де сол мұраттардан туындаған ұмтылыс.

Әсіресе идеяға, идеядан таратылатын теориялық тұжырымдарға. Ал идеяның кені қазақ ауыз әдебиетінде, нақыл сөздерінде, фольклорында. Әр сөз орамынан әрі философиялық, әрі генетикалық, әрі психологиялық, әрі физикалық мәні зор ірі шығарма суыртпақтап әкетуге болады. Бір ғана «Аяз би» ертегісінің өзі кешегі мен бүгінгі тіршілікті, өткен мен қазіргі реализмді, өркениет пен мәдениет неореализмін жалғастырып тұрған жоқ па. **Зерттеудің ғылыми жаңалығы да, зерттеу пәні де** осы идеялардан бас құрайды. Журналистика планетасына төтеден жол салады, ұлттық журналистика теориясы мен тәжірибесін байыта, нығайта түседі.

Жоғарыда айтқанымыздай, бабажурналистика, ауызекі публицистика фольклормен ағайындас. Журналистикадағы ықшамдылық, ой орнықтылығы, саздылық, әлбетте, ауыз әдебиеті үлгілерінен көшкен дей аламыз. Тіпті мақал, мәтелдің сын-сипатына, конструкциясына қарап біз кейбір мақалдың шығу жылы мен географиялық аумағын анықтаған едік. Зерделей қарасақ, сөз өнерінің бұл формасында деректіліктің, яғни журнализмнің белгісі де бар болып шықты. Ал дерек, факті, мәлімет – шындықтың, шынайылықтың, реалистік журналистиканың нақты көрінісі. Тіпті тарихи функционализмнің образы, тарихи процестің, ауызекі журналистикадан жазба журналистикаға өтуінің нақ өзі. Мәселен, танымал шығыстанушы, аудармашы, тарих ғылымдарының докторы, профессор И. Жеменей Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнамасына» жазған алғысөзінде: «Жазба деректерге қарағанда, қазақ тарихына қатысты «Бабырнама» еңбегін ойшыл ақынымыз Абай Құнанбайұлы «Қазақтың қайдан шыққаны туралы» атты әңгімесінде пайдаланғанын білеміз. Сонда кейінгі жылдары Бабыр шығармаларын қазақ қаламгері мен ғалымдары жанама түрде дәнекер тіл арқылы пайдаланып келді», – деп жазады, тарихи, туындыгерлік ауысым үдерісін баян етеді (Бабыр, 2022, 9 -10 бб.).

Ауыз әдебиеті, фольклор әр халықтың көркем де тарихи жады, әлеуметтік тіршілігінің белгілі бір дәрежеде жылнамасы, тарихи шындықтың коды. Сондықтан оның арғыжурналистік органикасына бойлап бару, фольклор мен ұлттық журналистикасының тамырластығын, идеялық әріптестігін көрсету – біздің парызымыз.

Осы айқын мақсатқа бет ала отырып, біз *негізгі нысанды* көздейміз: көненің көзін жаңғыртамыз, даналық пікірдің өміршендігін айқындаймыз, фольклор мен дәстүрлі журнали-

стика, мультимедиалық журналистика теориясы арасындағы байланысты, ішкі ағым тенденциялары мен заңдылықтарын бағамдаймыз.

Зерттеу материалдары – ғылыми ортаға, зияткер жұртшылыққа кеңінен танымал Шығыс және Батыс ғұламаларының трактаттары, фольклортанушылар еңбектері, журналистика зерттеушілерінің теориялық және әдіснамалық жарияланымдары, арнаулы әдебиет және сұрыпталған масс медиа контенті.

Зерттеу әдісі таңдап алынған нысанның перспективалық сипатымен, динамикасымен үйлесім табар – жалпы ғылыми түсіндірме (комментарий), салыстырма сараптама, сипаттама және эмпирикалық (мета-талдау) тәсілі. Салыстырма сараптама зерттелетін объектінің белгілі бір сипатын анықтауға және сол параметрлер арқылы оны басқа нысандармен шендестіруге (Thomann және басқалары, 2022) мүмкіндік береді. Ал мета-талдау баяндамалық шолу сияқты зерттеу сұрағының немесе зерттеу саласының қысқаша мазмұны есебінде сахнаға шығады (Hansen және басқалары, 2022).

Әдебиетке шолу

Расын айту керек, халықтық журналистиканың, заманалық масс медиа құбылысының ежелгі ауыз әдебиетімен, фольклорлық шығармалармен ішкі, нейрондық байланысы – осы күнге дейін қазақ ғылыми корпорациясында да, шетелдік оқымыстылар еңбектерінде де зерттеу нысанына айналмаған тақырыптардың бірі. Біз осы өзгеше трендті әдебиет теориясы, лингвистика, психология, философия, әлеуметтану, физика саласы бойынша зерттеулерге ғана сүйеніп сөз ететіміз сондықтан да. *Және біздің композициялық құрылымды оңтайландыруымыз, әдебиетке шолу бөлімін негізгі ғылыми талдауымызға нұсқаулық, әдістемелік жобалық ретінде көрсететіміз, екі компонентті араластырып жібергеніміз де сол себептен.* Осы ретте А. Эйнштейннің: «Воображение важнее, чем знания. Знания ограничены, тогда как воображение охватывает целый мир, стимулируя прогресс, порождая эволюцию», – деген нақылына әбден қол артуға, әбден жүгінуге болады (Эйнштейн, 2013). Ал америкалық тарихшы М. Шермер ғылымның өзі материалдық дүниеден тыс тұрады, оны түсіну ғылымның өзіне қастандық жасау деп білген (Sheldrake және Shermer, 2016).

Салыстырымдылық теориясы авторын америка ғалымы Д. Майерс (2020, 205-б.) былайша дамыта түседі: «Природа не терпит пустоты, че-

ловеческая природа не терпит хаоса. Продемонстрируйте случайность, и мы обнаружим порядок, паттерн, кластеры и периоды».

Сөзімізді ілгерілетейік. Кезінде біз «сығымдалған мол сөздің сөлі мен берекесінің осы мақалда (жанр атауы – К. Қ., Ә. Қ.) басы құралады. Ал мақаланың үнінде, сын-сипатында мақалдың, идеялық тұжырымның мақамы басым. Сондықтан да болар, өнегелі сөз, мақал мен мәтел журналистиканың қазіргі теориясында лидтің бір түрі ретінде қарастырылады. Сондықтан біз мақал мен мәтелді мақала мен эссе жанрларының бастапқы идеялық элементі деп білеміз», – сынды ой айтқан екенбіз (Қамзин, 2009, 35-б.).

Осы тұжырымымызды сатылай дамыта келе, біз жазба журналистикасының әуелгі жанрлық үлгісі әл-Фарабиден басталатынын атап көсеткенбіз. «Данышпан ғұлама әл-Фарабидің «Философтардың сұрақтарына жауап» еңбегі сұрақ-жауап түрінде жазылған... Ол, біріншіден, өз жұртының түркілік пәндердің шыққан биігін барша әлемге жария етуді мақсат етеді, екіншіден, публикуға жол салудың, зиялылар көзіне түсудің, оқымыстылар арасында бедел-абырой жинаудың бірден-бір төте жолы да осы деп біледі. Оның үстіне Екінші ұстаз, сөз жоқ, өз дәуірінің ғылым жетістіктерін түсіндірмелеу, жарнамалау, елге тарату мақсатын көздейді. Сондықтан хан да, қара да түсінуге ең қолайлы диалогтық тәсілді, әңгімелесу әдісін таңдап алады. Әрине, әл-Фараби шынымен бетпе-бет отырып визавидің сауалдарына жауап берді ме, әлде өзіне-өзі сұрақ қойып, жауабын қағазға хаттап отырды ма – ол жағы бізге бимәлім. Бірақ сұхбат жанрында бұл амалдың ежелден бар екендігін осы мысал да, кейінгі де тәжірибе бұлтартпас айғақтап отыр» (Қамзин, 2009, 56-57-бб.).

Бабалар өнегесі, аталар сөзі рухани базис, идеялық іргетас екендігі масс медиа өнеріне, коммуникация саласына осылайша біртіндеп сіңісіп келеді. Соның арқасында өзіміздің көз жазып қалған сара жолымызға түсуімізге мол мүмкіндік береді. Бір сөзбен айтқанда, пассив идея, мүлгіп жатқан ой, актив идеяға, белсенді жаңалыққа айналады. Осы пікірімізге төмендегі авторлардың ой-толғамдары нақты дәлел:

«Мақал мен мәтел халықтың өзі жасап алған заңы, өмірде болатын әр түрлі жағдайларды ұғындыратын, түсіндіретін оқу құралы іспетті. Мақал-мәтелде, көбінесе, ортақ ой, жалпы ереже, анықталған қағидалар айтылады, түрі жағынан тілге жеңіл, құлаққа жағымды дыбысқа, ырғақ-ұйқасқа құрылады, көбінесе көркем тілмен – өлеңмен жазылады.

Мақал-мәтел – қос мағыналы шығарма, онда көбінесе тура мағынамен қатар астарлы мағына да болады. Тура мағына мысал ретінде алынады да негізгі ой астарлап айтылады» (Адамбаев, 1996, 7-8-бб.).

Әрі қарай ой жалғайық:

«Пословица – коротенькая притча... Она не сочиняется, а вынуждается силою обстоятельств, как крик или возглас, невольно сорвавшийся с души; это целые изречения сбитые в один ком, в одно междометье. Деление пословиц на древние и новые, на общие и частные, общие ж и местные, на исторические, политические, юридические и пр. применимо только к небольшому числу, на выбор, да и может быть толково при особой цели разработки. Но и тут не обережесья натяжки, все, народные пословицы сложились в быту житейском, и применение их крайне разнообразно» (Даль, 1957, 18-19-бб.).

Жанрдың мақсаты мен мүддесі, шығарманың құрылымдық ұйысымы туралы автор мынадай ойға келеді:

«Связь поэтического произведения с определенным жизненным назначением, независимо от того, будет ли оно прикладным или идейно-эстетическим, обуславливает существенные признаки жанра. В бытовом и идейно-эстетическом применении раскрывается целевая установка жанра. От жизненной целевой установки зависит структурная организация поэтического, в том числе – признаки жанровой формы... Жанр – это вид или, точнее говоря, тип поэтической структуры, нераздельно сопряженной с воплощением и передачей содержания определенного идейно-эстетического и жизненно-бытового назначения» (Аникин, 1987, 68-б.).

Идеалға, мінсіздікке қол созу математикадағы шексіздікке ұмтылумен қанаттас. Перспективалық үдеріс барысы дей аламыз. Бүгінгі күннің ғалымдары қозғалысты толассыз ағылып жатқан, көзге көрінбес кванттар тізбегі десе, жаңа толқын философы сындарлы диалектика теоретигі Георг Вильгельм Фридрих Гегель айтқан қызметтің идеал формасына қарайлай келе, мынадай сойлы тұжырым жасайды:

«Форма внешней вещи, вовлеченной в процесс труда, «снимается» в субъективной форме предметной деятельности; последняя же фиксируется в субъекте в виде механизмов высшей нервной деятельности. А затем обратная очередь тех же метаморфоз – словесно выраженное представление превращается в дело, через дело – в форму внешней, чувственно созерцаемой вещи, в вещь. Эти два встречных ряда метаморфоз реально замкнуты на цикл: вещь – дело – слово

– дело – вещь. В постоянно возобновляющемся циклическом движении только и существует идеальное, идеальный образ вещи.

Непосредственно идеальное осуществляется в символе и через символ, т.е. через внешнее, чувственно воспринимаемое, *видимое или слышимое тело слова*» (Ильенков, 1991, 218-б.).

Сана қоймасы, ауызекі сөз сақталымы, этностар миссиясы хақында айтылған төмендегі пікір де назарға аларлық:

«Ауызекі сөз өзінің мазмұны және құрылымында жарықшақтар мен асыл бұйымдардың мұражайлық жинағына қарағанда, көбірек тарихи шындықты сақтайды... Ауызекі сөздің жазба құжаттардың алдында әзірше ғылым тарапынан бағаланбаған артықшылығы бар. Ол өртенбейді, дымқылданып зең баспайды. Оны Ғибадатхананың не Сарайдың айтқанына, талабына қарай редакциялау, қайта жазуға болмайды. Ол ескірмейді, тозбайды. Этнос тарихи аренадан шығып кетуі мүмкін. Бірақ олардың сөздері басқа тілдерде сақталады. «Сөздіктер – шынайы тарихи мәліметтер сақталатын ең мәңгілік және сенімді мұрағат» (Сүлейменов, 2014, 5-6-бб.).

Әрі қарай ой кезсек, профессор Д. Ысқақұлының мына пікірі О. Сүлейменовтің байламын әрі қарай тарата түседі: «Адамзат тарихына көз жіберсек, қоғамдық өміршең идеяның төңірегінде топтасып, көпшіліктің ойынан шығып, сөз түзелгенде, адам да, ұл та күшейіп, түзелген, пиғыл өзгеріп, тіл бұзылғанда, адам да, ұлт та бұзылып, ақырында құрдымға кеткен. Сөз қоғамдағы элеуметтік қарым-қатынас құралы болып қана қоймай, ойдың сыртқы көрінісі болумен бірге, адамның сана-сезімінің, дүниетанымының қалыптасуында да шешуші рөл атқарып, ұлттың рухани болмысын, келбетін жасайды» (Ысқақұлы, 2023, 49-б.). Яғни сөздің идеялық бастамашылығына, оның ситуациялық жүйеленуіне, өзара тартылысу мен жарасымды тізбектелу заңдылықтарына меңзеу жасалады.

Таяуда баспасөзде жарияланған мына сұхбаттың органикасында тіршілік жүйелілігінің, гендік инженерияның, адам құрылымының нақты деректері топтастырылған:

«Біз миллиондаған жылдан бергі генді сақтап отырған музей секілдіміз. Ол қасиет әрбір тіршілік иесіне тән. Геннің химиялық табиғаты – днк. Он сегіз жастан жоғары бір адам бірнеше триллион клеткадан тұрады. Бір клетка баржоғы жиырма бес микрометр, соның ішінде екі метр днк бар. Сонда әр адамның днк-сы шамамен елу млрд километр Енді салыстырыңыз, Күн мен Жердің арасы бар-жоғы 146 млн. шақырым.

Демек, адам аса күрделі компьютер» (Белдеубай, 2023).

«Қазақ халқына көп ғасырдан бері мұра болып келе жатқан ғажайып аңыздарды, мазмұны ертегіге айналған терең мифтерді, жан күйін көкке сермейтін асқақ ерлік жырларын, фәлсафалық қария сөздерін тереңнен алып қарасақ, онда бүкіл дүние мәдениетіне қосылатын бір үлкен сәулетті сыр бар екені көрінеді. Бұл жойқын шығармалардың ту баста келіп шығуының өзі бір – жарқын дүние» (Марғұлан, 1985, 5-б.).

Бұларда аса көрнекті ғалымның тұжырымын тереңнен зерделесек, уақыт дәйектілігі, мазмұн трансформациясы, әлем мәдениетіне қосылған үлес сынды жөнсілтеуге назар аударамыз. Осы ойлардың астарына үңілеміз.

«В дошедших до нас письменных источниках история отражается, увы, пунктирно, обрывочно и по-авторски субъективно. Сведения искажены мировоззрением информатора – адепта той или иной религии, и главное, ограничены естественной неполнотой знания предмета. Но слово – вот чип, в котором закодировано прошлое человечества». (Сулейменов, 2022, 79-б.).

Бұл жерде назар аударар екі мәселе бар. Біріншісі – адам білім, білігінің шектеулілігі. Барлық саланы қамти ала алмайтындығы және көзқарасының субъективтілігі. Сондықтан кез келген «ақиқатты» қайта қарауға жол ашық деген сөз. Екіншіден, сөзде адамзат баласы өткенінің жұмбағы жасырулы.


Біз баспасөз тарихы, бабажурналистика функциясы туралы сөз қозғағанда, Орталық Азия өркениеті мен мәдениетінің әлемдік толымдылық қатарындағы сәулетті ғимаратынан айналып өте алмаймыз. Атап айтсақ, Бактрия, Отырар, Шаш, Маргинан, Соғда, Парфия, Ферғана, Хорезм, Бұхара, Хиуа, Самарқанд шаһарларының қоғамдық пікірді, еларалық байланысты жетілдірген ежелгі мәдениеті мен мұндалайды. Білікті археологтар, сәулетшілер, мәдениет зерттеушілері, өнертанушылар осы өңір тұрмыс-тіршілігінің өзгешелігіне, сырбаздығына әлі күнге дейін ерекше баға береді. Осы кезеңде әдепкі фольклорлық әлемтаным ғылыми стилистикасына, қағаз форматты жарияға трансформациялана бастады. Бұл экономикалық, мәдени прогреске басқа факторлармен қоса осы өлкенің Месопотамия, Үндістан, Қытай сияқты Шығыс өркениетімен географиялық жағынан қанаттас жатқаны едәуір әсер етті. Сонымен қатар Грекия және Рим сынды ежелгі Батыс өркениетімен бай-

ланыс өзара идеялар алмасуға, жаңа білім аралық қарым-қатынасқа жол ашты. IX-XII және XIV-XIV ғасырлардағы шығыс Ренессансы ауызекі журналистиканың, протожурналистиканың дүниеге келуіне мықтап әсер етті. Сол дәуірдің перипатетизмі, коммуникациялық бейнесі сақаралық сипаттан қалалық «стандартқа», жанрлық әдіске ауыса бастады. Осы арада, әрине, философиялық замансөздің зерттеушілік әлеуетпен, ғылыми дүниетаныммен белсене араласа бастағаны, ғылыми трактаттардың насихатталу әуселесінің артқаны, ғылым мен бабажурналистика одағының бекемделе түскені аңғарылады.

Танымал шығыстанушы, профессор Ә. Дербісәлиев белгілі фарабитанушы А. Көбесовтің «Әл-Фараби» еңбегіне сілтеме жасай отырып, «Біз Бағдад обсерваториясы мен «Даналық үйінің» ғылыми жұмыстарының басты ұйытқысы Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан ғалымдар болғанын мақтанышпен айтамыз. Олардың ішінде әйгілі Мухаммед әл-Хорезми (Хорезмнен шыққан), Ахмед Ферғани (Ферғанадан шыққан), Гауһар Жауһари (Отырар атырабындағы Гауһар мекенінен шыққан), Ахмад Мәруази (Марыдан шыққан) және басқалар бар», – деген ой айтады. Әрі қарай өз деректерін алға тартады: «Бұлардың ішінен теңдесі жоқ үздік ойшылдардың бірі – шоқтығы биік ұлы ғұлама Әбу Нәсір әл-Фарабидің есімі ерекше жарқырап көрінеді. Ол – Отырар өркеніаты болып таныла бастаған ғылым мен мәдениет үлгісін тудырған елдің азаматы.

Көне жазба деректерге қарағанда, Отырар (ол Фараб деген атпен де белгілі) есте жоқ ежелгі заманнан-ақ сан алуан тарихи, сауда, дипломатиялық қатынас жолдарының түйіскен жерінде пайда болған белгілі мәдениет орталығы еді» (Дербісәлиев, 1995, 7-б.).

Сол көпке мәшһүр мәдени орталықтан танымдық, өнегелік сапарға аттанып, халықаралық ғылыми ортада бедел-берекетке ие болған әл-Фараби: «Таңдаулы адамдар теориялық білімдерінің ешбірінде баршаға мәлім пікірлер арқылы расталатын біліммен шектеліп қалмайды», – дейді (Әбу Насыр әл-Фарабидің ақыл-ой пікірлері мен нақыл сөздері, 2020, 34-б.). Біздің ғылыми жұмысымыздың айтар ойы мен концептуалдық тұжырымы, міне, осы пікірлерге арқа сүйейді. Демек, қажеттілік пайымына сәйкес шектелуден ада, расталуға ұмтылар тұжырымдар керек. Бірінші сурет келесі ойларға таяныш.



1-сурет – Шығыстық ғылыми ой-сана бастау-бұлақтары

Төмендегі сөздерді айтып отырған оқымысты жоғарыда біз көрсеткен шығыс ғалымдарының ізін ала жүреді де былай дейді: «...Диалектика чувственной достоверности есть не что иное, как простая история движения этой достоверности или ее опыта, и что чувственная достоверность сама есть не что иное, как только эта история» (Гегель, 2019, 100-б.).

Әрине, тарихи сергу, серпіліс дегеніміз, біздіңше, скиф/сақтан қалған ұлы мұра (Сартқожаұлы, 2023).

Адамгерліктің эстетикалық тұжырымдамасының тірегі, әрине, ой еркіндігі, сондықтан автор:

«Этическая концепция гуманизма утверждала свободу мысли и чувства как начала, органически присущего человеческой природе. Эстетическая – возводила в высший принцип художественной красоты общую рационалистическую закономерность, уравновешенность композиции; видела главный объект искусства в изображении человека со всей вещественной осязательностью человеческого тела, со всей полнотой психологической выразительности, требовала совершенной пластичности и гармоничности формы.

С этими концепциями была связана общая ориентация на действительность, сопряженная со стремлением к объективному изучению последней. Это в свою очередь привело к развитию науки о внешней природе, к подъему исторических знаний, к новому, рационалистическому шагу в философии», - дейді (Конрад, 1966, 119-120-бб.). Әрі қарай ғалым гуманистер «Ортағасырлыққа» иек арта отырып, тиянақты «Ежелгіден» іздеді деген қорытындыға келеді.

Шығыс мәдени, ғылыми кеңістігінде «адамзат кейде шабыттана сайраса, кейде кемесімен терең ой теңізіне жүзеді. Содан тұңғыық ой теңізінің ойларын сөз арқылы парактар жағалауына алып келеді, кей уақытта шырын сөздерді түрлі өнермен нәрлендіріп, сөйлеу құсын тәрбиелеп, шешендік Гүлстанын әрқилы өнермен өрнектеп, осылайша тілді ауыз қақпасының ішінде сазды әуенге айналдыра біледі» (Тарази, 2013, 14- б.). Екінші суретке байыптап қарасаңыз, ұлттық сөздік қорымызда атам заманнан бар «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» тақылеттес сақара демократиясының гуманистігі, сөз бостандығының кемелділігі қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерінен анық бой көрсетеді.



2-сурет – Азамат еркіндігінің, сөз бостандығының қазақы космогониялық және әлеуметтік тұжырымдамасы

Қоғамы көкейтестілігі күн тәртібіне түспейтін осы еркіндік лексемалары ғылыми әдебиетте де бой көрсетеді. Мысал келтіре кетейік:

«ЖАРИЯ сын. 3. көне. Жарнама, хабарлама. Сонда хан ойланып отырып, бұл ұрының оңай ұры емес екендігін біледі де, мынадай жария шығарады (Бозінген) (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1978, 687-б.). Осы сөздікте және 2008 жылы «Дайк-Пресс» баспасынан шыққан бір томдық түсіндірме сөздікте (Толковый словарь казахского языка, 2008) жариядан тараған жариялылық, жарияланым, жарлау, жарлық, жаршы сөздеріне түсіндірме жасалады. Айта кету керек, кейінірек ақпараттық, ғылыми айналымға енген жария марксистер, жарияға шығу, үнжария сияқты сөзжасамдар тілімізді, терминологиямызды байыта түсті.

Бір айта кетері, жариялылық термині Ресейде М.С. Горбачевтің жаңаша ойлау үндеуінен бір ғасыр бұрын дүниеге келген. Әдеби дерекке назар аударыңыздар.

А.П. Чеховтың 1884 жылы жазылып «Осколки» журналының 24-санында 14-інші маусымда басылған «Брожение умов» (*Из летописи одного города*) әңгімесі: «Показался Аким Данилыч. Что-то жуя и вытирая губы, он взревел и врезался в толпу.

– Пожарные, приготовьсь! Рразойдитесь! Господин Оптимов, разойдитесь, ведь вам же плохо будет! Чем в газеты на порядочных людей писать разные критики, вы бы лучше сами старались вести себя по существу! Добру-то не научат газеты!

– Прошу вас не касаться гласности! – вспылл Оптимов. – Я литератор и не позволю вам касаться гласности, хотя, по долгу гражданина, и почитаю вас, как отца и благодетеля!» (Чехов, 1970, 94-б.).

Енді әлеуметтік ортаға, ақпараттық кеңістікке дәл бүгінгі күні келгендей көрінетін қайтарымды байланыс теориясына назар салайық. Үшінші суретке назар аударыңыз.




3-сурет – Қайтарымды байланыс

Жартасқа бардым,
Күнде айғай салдым,
Одан да шықты жаңғырық.
Естісем үнін,
Білсем деп жөнін,
Көп іздедім қаңғырып.
Баяғы жартас – бір жартас,
Қаңқ етер, түкті байқамас (Құнанбаев, 2020, 84-б.).

Абай тап басқан осы әрі физикалық (акустикалық), әрі әлеуметтік, әрі психологиялық құбылысқа орай филология ғылымдарының докторы, профессор Х.Ж. Сүйіншәлиевтің: «Әдебиет қоғамдық санаға байланысты дамыды. Ол әрбір тарихи кезеңнің философиялық, саяси-әлеуметтік, праволық, діни және басқа да қоғамдық саналарынан туған **қозғалыстарға** тығыз байланысты. Бұл жағдай, біріншіден, әдебиетті өзіне бөлек дамитын тұйық құбылыс

деп қарауға болмайтынын ескертсе, екіншіден, әдебиеттің мәдениет салаларымен байланысты өсетінін де танытады», – деген ұзаққа қол созар тұжырымы еске түседі (**қурсив біздікі – К.Қ., Ә. Қ.**) (Сүйіншәлиев, 1967, 4-б.). Ғалым қозғалыс атаулыға, үдеріске, ой-өріс динамикасына, пәнаралық, ғылымаралық тетелестікке, өзара байланысқа ерекше назар аударғанын байқаймыз. Қазіргі ақпараттық кеңістік, коммуникология, әлеуметтік қарым-қатынас саласына енген «қайтарымды байланыс» төркінінің ұлттық ауыз әдебиетінен жүлгеленетіні сөзсіз расталып отырған жоқ па?

Және бір айта кетеріміз, сөз баянының, музыканың, медицинаның, физиологияның, психологияның, бейнелеу өнерінің нақты ғылымдармен сабақтастығын шет ел ғалымдары жиырмамыншы ғасырда зерделей бастады (Jaruszewska және басқалары, 2019). Төртінші сурет ойымызды көрнекілендіре түседі.



4-сурет – Роберт Линдсидің акустика дөңгелегі


Америка физигі Роберт Линдсидің (Robert Bruce Lindsay) мына «акустика дөңгелегінде» ғылыми және инженерлік саладағы акустиканың негізгі он бағыты өрнектелген. Байқап қарасаңыз,

төменгі бөлігінде қазіргі масс медиа пәніне тікелей және жанама қатысты Medicine, Physiology, Psychology, Speech, Music, Visual arts деген аталымдар тұр. Әрине, біздің көзіміз ең алдымен

Speech (сөз, баян), **Visual arts** (бейнелеу өнері) жіктеліміне, яғни акустикаға, нақты ғылымар шеңберіне кіретін тіректерге түседі. Автор бұл кескіндемесін 1964 жылы жасағаны мәлім. Содан бері алпыс жылға жуық уақыт өтті. Ғылым мен білім үздіксіз дамып, ілгерілеп барады. Іргелі және қолданбалы ғылымның жаңа бағыттары дүниеге келуде. Соның нәтижесінде нағыз инновациялық технологияларға жол ашылуда. Соның бірі кванттық генетика дер едік біз (Stcherbik, 2007).

Осы қисындарға табан тіресек, ақпараттық кеңістіктегі ой қуаты мен сөз әлеуеті тіршілік мотивациясын арттыра түседі, аргумент/контраргумент тайталасын айқын бейнелейді. Екінші

жағынан тізбектелген сөз алқасы ассоциациялар, образдар, естеліктер, эмоциялар мен сезім толқынын сапырады. Белгілі бір әрекеттерге итермелейді. Физикада бұл ұғымды материя қозғалысының сапалық және сандық қозғалысымен байланыстырады. Мамандар осы ретте энергияны өлшеуге болатынын, оның қозғалыс қадамына тең екенін еске алады. Дұрыс байлам, қозғалыс – өмір тірегі, сөз де, ақпарат та үнемі статикадан аулақ жүреді. Сондықтан біз журналистика баяны семантикасының интенсивтілігін, иланымдылығын, контекст эмоциялылығын, сын есімдер ажарлылығын, экспрессивті етістіктер екпінін зертханалық жолмен өлшеуге болады дейміз. Бесінші суреттің өз айтары бар.



5-сурет- Сөз энергетикасы және контент әлеуеті

Қазақ-кеңес журналистикасы теориясы, жаймалап айтқанда, негізінен Мәскеу, Санкт-Петербург (Ленинград) ғалымдарының реминисценциясы еді. Сол иделогемалық қалыпты тек біз емес, басқа одақтас республикалардың зияткер қауымы да қабыл алды. Айта кету керек, журналистика бағыттарын зерттеуші орыс ғалымдары белгілі жанрлық үш таған концепциясының *шығу тегіне, тарихи функциясына* әлі күнге дейін терең үңілмей, көнерген ақпарат сарайын дәмді-дәмді реставрациялап, жамап-жасқап келеді. Соның бір мысалы мына байлам:

«Любой текст, будучи информационным продуктом, есть часть действительности и связан с ней отношениями трех типов: *семантическими, прагматическими, синтактическими*. Но являясь в то же время продуктом *конкретного* рода творческой деятельности (поэзия, музыка, публицистика, наука, творчество модельера и т.д.), этот текст характеризуется *своей* семантикой, прагматикой и синтактикой, т.е. той которая несет в себе устойчивые признаки данного рода творчества» (Лазутина және Распопова, 2011, 24-б.). Алтыншы суреттің өз жаңалығы бар.



6-сурет – Журналистика жанрлары пішінінің ұлттық бастауы

Бұл арада біз классикалық үш тарам жүйесін ревизиялайын, жоққа шығарайын деп отырғамыз жоқ, тек әр ұлттың гуманитарлық ғылымы жалпылама шарттарға емес, тектік мінез, ділдік қасиетке, гендік сипатқа сүйенеді дегіміз келеді. Әлбетте, зерттеушілер мақсаты ұлы Абайды масс медиа теоретигі етіп шығару емес. Бірақ өз ата қонысымызда мен мұндалап тұрған, журналистика теориялық кестесіне сұранып тұрған баламалы шымыр құйылымды елемеуге тағы болмайды. Расында, Абайдың өлеңінен алынған жоғарыдағы формула журналистика жанрларын жіктеудің табан тірер тиянағы болуға әбден лайық (*Құнанбаев, 2020, 160-б.*). Әуелі, әлеумет назар аударар ақпарат табу, оны ой елегінен өткізу барысында журналист өзіне біткен күш-қайратын молынан жұмсайды, бұлықсыған энергиясын сарп етеді, бойы бір ысып, бір суиды. Жалындаған туындыгерлік от қызуының арқасында құрғақ факті мүсінделіп, жайнап шыға келеді. Екінші сала – талдамалы, сараптамалық қабылетті тілейтін құбылыстарға, сөз жоқ, нұрлы ақыл керек. Көлеңкелі тұстарға сәуле шашу арқылы проблема айқындалады, мәселе қаймығу, именуісіз батыл қойылады, лайықты қорытынды шығарылады. Үшінші сала – деректі-көркем публицистика. Ажарлылық пен өмір реализмінің синтезі, объектіні образға айналдыру амалдары. Бұл арада не десек те жылы жүректің, сезімнің, талғамның, тұлға эстетикасының ролі бөлекше.

Қорытынды

Жоғарыдағы зертеуімізден шығар басты қорытынды – журналистика саласындағы идеялық монополизмнен, масс медиадағы бөтен ой үстемдігінен бас тарту. Ұлттық интеллектуалдық алаңымызда, ғылымгерлік кеңістігімізде халықаралық бәсекеге төтеп берер қазыналарымыздың бар екенін жұртшылыққа ұсыну. Осы ретте біздің әрекетіміз сирек металл іздеген геологтардың барлау экспедициясына немесе ертедегі мәдениет ошақтарына жолыққан археологтардың қазба жұмыстарына ұқсайды.

Халық туындыгерлігі, фольклор – әр этностың әрі биологиялық, әрі тарихи жады, дербес ресурсы, табиғи және әлеуметтік өмірінің гендік жылнамасы, тарихи шындықтың парадигмасы. Сондықтан оның түпкіжурналистік тұңғиығына бойлап бару, ұлттық фольклор мен ұлттық журналистикасының туыстастығын, идеялық тұтастығын тап басу – зерттеушінің төл міндеті.

Толассыз ой ағымының, рационалістік пайымның түрткісі нәтижесінде біз қазақ ауыз әдебиетіндегі, шешендік сөздердегі, мақал, мәтелдердегі, өзіміздік ағарту дәуірі өкілдерінің нақылдарындағы ұлттық журналистика мектебіне лайық байыптамаларды іріктедік, сұрыптадық. Қазіргі масс медиа платформасына шығардық. Олардың катализаторлық және үлгілеу мүмкіндігіне баға бердік. Сөйтіп прогресс категориясының, журналистика болмыс-бітіміндегі тенденциялардың ерсілі-қарсылығы, ілгері-кейінділігі, ежелгілік табиғаты туралы тың байлам жасалды.

Әдебиеттер

- Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Рауан, 1996. -160 б.
- Аникин В.П. Русский фольклор. – М.: Высшая школа, 1987. – 288 с.
- Әбу Насыр әл-Фарабидің ақыл-ой пікірлері мен нақыл сөздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 230 б.
- Бабыр З. М. Бабырнама. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 456 б.
- Белдеубай Д. Адамның барлық әрекеті геннің қалауымен болады (Академик А. Бисенбаевпен сұхбат). //Ана тілі, 16 қараша 2023.
- Гегель Г.В.Ф. Феноменология духа. – СПб.: Азбука, 2019. -704 с.
- Даль В. Пословицы русского народа. – М.:ГИХЛ, 1957. – 992 с.
- Дербісәліев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – Алматы: Рауан, 1995. – 240 б.
- Hansen, C., Steinmetz, H. & Block, J. How to conduct a meta-analysis in eight steps: a practical guide. *Manag Rev Q* 72, 1–19 (2022). <https://doi.org/10.1007/s11301-021-00247-4>
- Ильенков Э.В. Философия и культура. – М.: Политическая литература, 1991. – 464 с.4
- Jaruszewska, K. M., Barański, F., Piotrowska, M., Melon, M., Dazel, O., Vorländer, M., & Herweg, A. (2019). *ACOUCOU Platform to Acquire Professional Skills and Knowledge in the Field of Acoustics*. Universitätsbibliothek der RWTH Aachen, p. 4351.
- Конрад Н.И. Запад и Восток. – М.: Наука, 1966. – 520 с.
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1978. – 736 б.
- Қамзин К. Қазақ көсемсөзі жанрларының кемелдену үдерісі. – Алматы: Экономика, 2009. – 400 б.
- Құнанбаев, А. Өлендер, аудармалар, поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2020. – 288 б.
- Лазутина Г.В., Распопова С.С. Жанры журналистского творчества. – М.: Аспект Пресс, 2011. – 320 с.
- Майерс Д. Интуиция. – СПб.: Питер, 2020. – 448 с.
- Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
- Сартқожаұлы Қ. Скиф/сақтан қалған ұлы мұра. // Егемен Қазақстан, 9 қараша 2023.
- Sorokin P. The crisis of our age. 2nd revised edition. – Oxford: Oneworld Publications, 1992. – 281 pages.
- Sheldrake, R. & Shermer, M. *Arguing Science: A Dialogue on the Future of Science and Spirit*. – New York: Monkfish Book Publishing, 2016. – 160 p.
- Stcherbic, V. V. (2007). *Quantum genetics*. CRC Press.- 174 p.
- Сүлейменов О. Тюрки в доистории. О происхождении древнетюркских языков и письменностей. – Алматы: Атамұра, 2002. – 320 с.
- Сүйіншілиев Х.Ж. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: Қазақстан, 1967. – 388 б.
- Сүлейменов О. Сөз коды. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 91 б.
- Толковый словарь казахского языка / Общ. ред. Т. Жанузаков. Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 с.
- Тарази Ш. А. Қ. Көркем сөз өнері. – Алматы: Таңбалы, 2013. – 440 б.
- Thomann, E., Ege, J. & Paustyan, E. (2022). Approaches to Qualitative Comparative Analysis and good practices: A systematic review. *Swiss Political Science Review*, 28, 557–580. <https://doi.org/10.1111/spsr.12503>
- Чехов А.П. Брожение умов. Избранные произведения в трех томах. Том 1. Повести и рассказы 1880-1887. – М.: Художественная литература, 1970. – 608 с.
- Ысқақұлы Д. Өркениет бастауы – сөз.// Ақиқат, №10, 2023.
- Эйнштейн А. Как изменить мир к лучшему. – М.: Эксмо, 2013. -217 с.
- Weber M. *Economy and society: a new translation*. Ed. K. Tribe. – Cambridge: Harvard University Press, 2019. – 520 p.

References

- Abu Nasyr al-Farabidın akyl-oi pikirleri men nakyl sozderi [Thoughts and sayings by Abu Nassir al-Farabi]. – Almaty: Kazak universiteti, 2020. – 230 p.
- Adambayev B. Halyk danalygy [Folk wisdom]. – Almaty: Rauan, 1996. -160 p.
- Anikin V.P. Russkiy fol'klor [Russian folklore]. – Moskva: Vysshaya shkola, 1987. – 288 p.
- Babyr Z.M. Babyrna. – Almaty: Kazak universiteti, 2022. – 456 p.
- Beldeubay D. Adamnyn barlyk areketi gennin kalauymen bolady (Akademik A. Bisenbayevpen suhbat) [All human actions are dictated by genes (interview with academician A. Bisenbaev)]. //Ana tili, 16th of November 2023.
- Gegel G.B.F. Fenomenologiya duha [Phenomenology of spirit]– St.Petersburg: Azbuka, 2019. -704 p.
- Dal' V. Poslovitsy russkogo Naroda [Russian proverbs]. – Moskva: GIHL, 1957. – 992 p.
- Derbisaliyev A. Kazak dalasynyn zhuldyzday [The stars of the Kazakh steppe]. – Almaty: Rauan, 1995. – 240 p.
- Hansen, C., Steinmetz, H. & Block, J. How to conduct a meta-analysis in eight steps: a practical guide. *Manag Rev Q* 72, 1–19 (2022). <https://doi.org/10.1007/s11301-021-00247-4>
- Il'yenkov E.V. Filosofiya i kul'tura [Philosophy and culture]. – Moskva: Politicheskaya literatura, 1991. – 464 p.
- Jaruszewska, K. M., Barański, F., Piotrowska, M., Melon, M., Dazel, O., Vorländer, M., & Herweg, A. (2019). *ACOUCOU Platform to Acquire Professional Skills and Knowledge in the Field of Acoustics*. Universitätsbibliothek der RWTH Aachen, p. 4351.
- Konrad N.I. Zapad i Vostok [The West and the East] – Moskva: Nauka, 1966. – 520 p.
- Kazak tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of Kazakh language]. – Almaty: Gylym, 1978. – 736 p.

- Kamzin K. Kazak kosemsozi zhanrlarynyn kemeldenu uderisi [The process of maturation of Kazakh journalism genres]. – Almaty: Экономика, 2009. – 400 p.
- Kunanbayev, A. Olender, audarmalar, poemalar [Poems and translations]. – Almaty: Atamura, 2020. – 288 p.
- Lazutina G.V., Raspopova S.S Zhanry zhurnalistskogo tvorchestva [Genres of journalism art]. – Moskva: Aspekt Press, 2011. – 320 p.
- Maiers D. Intuitsiya [Intuition]. – St.Petersburg: Piter, 2020. – 448 p.
- Margulan, A. Yezhelgi zhyr, anyzdar [Ancient songs and legends]. – Almaty: Zhazushy, 1985. – 368 p.
- Sartkozhauly K. Skif/saktan kalgan uly mura [A great Scythian/Sak legacy] // Egemen Kazakstan, 9th of November, 2023.
- Sorokin P. The crisis of our age. 2nd revised edition. – Oxford: Oneworld Publications, 1992. – 281 pages.
- Sheldrake, R. & Shermer, M. Arguing Science: A Dialogue on the Future of Science and Spirit. – New York: Monkfish Book Publishing, 2016. – 160 p.
- Stcherbic, V. V. (2007). *Quantum genetics*. CRC Press.- 174 p.
- Suleimenov O, Tyurki v doistorii. O proishozhdenii drevnyurykskih yazykov i pis'mennosti [Turks in prehistory. On the origin of ancient Turkic languages and scripts]. – Almaty: Atamura, 2002. – 320 p.
- Suyinshaliyev H.Z. Kazak adebietinin kalyptasu kezenderi [Formation stages of Kazakh literature]. – Almaty: Kazakstan, 1967. – 388 p.
- Suleimenov O. Soz kody [The code of the word]. – Almaty: Kazak universiteti, 2014. – 91 p.
- Tolkovyi slovar' kazahskogo yazyka/Obsch.red. T. Zhanuzakov [Explanatory dictionary of Kazakh language]. Almaty: Daik-Press, 2008. – 968 p.
- Tarazi S.A.K. Korkem soz oneri [The art of artistic word]. – Almaty: Tanbaly, 2013. – 440 p.
- Thomann, E., Ege, J. & Paustyan, E. (2022). Approaches to Qualitative Comparative Analysis and good practices: A systematic review. *Swiss Political Science Review*, 28, 557–580. <https://doi.org/10.1111/spsr.12503>
- Chehov A.P. Brozhenie umov. Izbrannye proizvedeniya v treh tomah. Tom 1. Povesti I rasskazy 1880-1887 [Fermentation of minds. Selected works in three volumes. Volume 1. Tales and stories 1880-1887].– Moskva: Hudozhestvennaya literatura, 1970. – 608 p.
- Yskakuly D. Orkeniet bastauy – soz [The word as the beginning of civilization]// Akikat, №10, 2023.
- Einshtein A. Kak izmenit' mir k luchschemu [How to change the world for the better]. – Moskva: Eksmo, 2013. -217 p.
- Weber M. Economy and society: a new translation. Ed. K. Tribe. – Cambridge: Harvard University Press, 2019. – 520 p.